

**Отырар аудандық орталық кітапхана
Анықтамалық және ақпараттық қызмет көрсету**



«Жемқорлықты жою баршаға міндет»

/көпшілік жұмыстардың топтамасы/

«Жемқорлықты жою баршаға міндет» [дөңгелек үстелдің сценарийі] Отырар аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі; құрастырған: Р.Мақтабекова, редактор: Р.Пернебаева, жауапты: А.Рыскелді. – Шәуілдір.

«Жемқорлықты жою баршаға міндет»

/дөңгелек үстел/

Бағдарламасы:

1. «Сыбайлас жемқорлық – қауіпті дерт» /Кіріспе сөз/
2. «Ғибратты әңгімелер» /жемқорлық жайлы мысалдар келтіру/
3. Слайд көрсету/жемқорлыққа қарсы көріністер/
4. Сұрақ – жауап мезеті
5. Қорытындылау

1 -жүргізуші: Жемқорлық бүгінде қоғам дертіне айналды. Бұл жаман әдет әлемдегі барлық мемлекеттерге тән құбылыс десек, қателеспейміз. Қазақ қоғамында да жемқорлық індетіне заңмен барынша қатаң тыйым салынуда. Жемқорлық пен парақорлық жайлы өз заманының озық ойлы ақыны Шортанбай Қанайұлы(1808-1881):

*"...Билер, пара жемендер,
Жанға бейнет кезбеңдер.*

Кісі хақын алмаңдар,

Аузыңа пара салмаңдар." деп жырлап, билер мен төрелерге пара алудан аулақ болуға шақырса, Ұлы Абай бабамыз:

«...Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,

Қардың суы сықылды тез суалар...

Пайда ойлама, ар ойла –» деп, малды адал жолмен тапса ғана берекетті, жұғымды болатындығын айтып өткен.

Асыл дініміз исламда жетпіс үлкен күнәнің бірі – жемқорлық болып саналады. Ұлы Жаратушы Алла Тағала жемқорлықты барынша айыптап, оған ауыр жаза болатындығын ескерткен. Сонымен қатар, билер мен қазыларға пара беру арқылы біреудің мүлкін иемденбеуді бұйырған.

Ерте заманда ел билеген болыстар қайта сайлауға түсерде дуандағы басшыларға малы мен ақшасын аямай беріп, қарсыласын жеңіп шығатын болған. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген мәтел содан қалса керек. Демек, жемқорлық пен парақорлық сонау ертеден келе жатқан дерт екені белгілі.

2 – жүргізуші: 2014 жылы «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы

стратегиясы» қабылданды. Осы стратегияда да қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Дамыған елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру барысында сыбайлас жемқорлықты рухани жағынан қабылдамауға мән беріледі.

2015 жылы 18 қарашада Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» №410-V Заңы жарияланды.

1 – жүргізуші: Өмірде болған мына бір ғибратты әңгімеден мысал келтіре кетейін: Ертеректе Ұлытаудың күнге бетін Есқара дейтін бай мекендепті. Ел ағасы Есқара елге сыйлы, дін жолын берік ұстанған жан болыпты. Жарықтық сонау Бұқардан молда алдырып, елдің бала-шағасына хат танытып, шариғат жолына үйретіпті. Жалғыз ұлы Қабдолланы да сонда жіберіп оқытыпты. Тіптен, қойшы-қолаңның ақысын жемей, мал-дүниесінің садақа – зекетін елдегі кедей – кепшікке үлестіріп отырған. Бірақ өткен ғасырдағы кәмпеске науқанында Есқара алдын ала сенімді адамдары арқылы үйір – үйір жылқысын Атбасарға саттырып, ол ақшаны алтын – күміс бұйымдарға айналдырып тығып тастайды. Белсенділер «дүниесін жасырды» деген сылтаумен Есқара мен баласы Қабдолланы итжеккенге айдап әкетеді. Жат жерде кешікпей ауру меңдеген ақсақал дүниеден өтер болады. Хал үстінде жатқан әке ұлына алтын – күмістерін жасырған жерін айтып, осы жерден аман – сау шығып сол дүниені тауып алуын аманаттайды. «Мен жиған дүниеме бір мысқал да арам араластырған емеспін. Мал – мүлкімнің зекетін бергенде, ішіндегі жақсысын, сапалысын таңдап бердім. Мұндай адал дүние ұрпағыма бұйырмауы мүмкін емес», - деп аманаттайды. – Бірақ – дейді Есқара ата: - сол дүниені сен де адал жұмса!

Күндердің күнінде Қабдолла бостандық алып еліне келеді. Арада біраз уақыт өткенде таңнан тұрып, дұға-тілегін жасап, әкесі аманаттаған дүниені іздеп шығады. Күн көтеріле көң қораны табады. Жайылып жатқан жықпыл тастар, мұның қай жерінен іздемек. Дағдарып тұрғанда қарсы алдына кішкентай торғай келіп қона қалмасы бар ма. Шырылдаған даусы жылаған балаға ұқсай ма қалай... Бір аттап еді торғай ұшып барып әудем жердегі тастың үстіне қонады. Қабдолла таяп барса тағы ұшады. Бірақ ұзап кетпейді. Осылай торғай ұшады, қонады, Қабдолла қалмай ереді...Мұнда бір хикмет барын Қабан да түсіне қояды. Торғай ұшып барып бір жалпақ тастың үстіне қонады да, «мен міндетімді атқардым» дегендей, аспанға шаншыла көтеріліп, жоқ болып кетеді. Қабдолла жалпақ тасты көтеріп қалса, астында құрым киізге оралған әкесінің дүниесі

жатыр. «Бұйырған кетпейді, қуған жетпейді» деген осы екен ау. Кешікпей Қабдолла Есқараұлы елімен қоштасып Бұқар жаққа көшеді. Сонда жүріп үйленеді, жақсы тұрмыста өмір сүріп, 70-жылдары өмірден өтеді. Ал ұрпағы тәуелсіздіктен кейін елге оралыпты. Біз бұл оқиғадан адал табыс адамның өзіне бұйырып, абырой әкелетінін түсініп тұрмыз.

Құрметті қонақтар, дөңгелек үстелге қатысушылар, тақырып аясында іріктелініп алынған көріністерге назар аударыңыздыр!

/слайд көрсетіледі/

2 – жүргізуші: Жалпы, бәріміз мұсылман баласы болған соң, оның шарттарын азды – көпті білуге тиіспіз ғой. Адам қайтыс болып, денесін жер қойнына берер алдында жаназасын шығаратын молда жиналған жұрттан «Марқұмның кімде қандай қарызы бар?», «Жақсы адам ба еді?» деп сұрап жатады. Сөйтсек, бұл сұрақтарда үлкен мән – мағына жатыр екен. «Пайда ойлама, ар ойла!» - деген екен адамзаттың данышпаны Абай атамыз. Бізге, мұсылман баласына Алланың салып берген өз жолы бар. Бірақ онда сауда жасама, байлық жинама, кәсіп қылма деп айтпайды. Тек осының бәрін адал жолмен жүргіз дейді.

Елімізде қазіргі таңда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

1-жүргізуші: Барлық азаматтар заң алдында бірдей. Осы тұрғыда қоғам және мемлекет қайраткері, Отырардың текті ұлы Нұртас Оңдасынов ағамыздың мына бір сөзі еске түседі: **«Біріншіден, қанша жыл қолымда билік болса да біреуден бір тиын да пара алмадым – қолым таза! Екіншіден, үштіктің бірі болып, біреудің сыртынан қол қойған емеспін, ешкімнің қаны мойнымда жоқ – арым таза! Үшіншіден адамдарды атаға, руға, жүзге бөлген де, тіптен ешқашан ешкімнің жүзін сұраған емеспін – жүрегім таза!»** деген екен абзал ағамыз. Ендеше, қолы таза, ары таза, жүрегі таза адам нағыз ұлт қызметшісі емес пе?! Нұртас ағамыздың осы қасиеті бүгінгі зиялы жұртқа жұғысты болса, ұлтымыз ұтылмайды. Қайта ұтады. Ұрпақ та сол жолмен жүріп, әділдік танытары сөзсіз.

2 – жүргізуші: Әрине,сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке көп болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

/оқырмандарға сұрақ қойылады/

1. Сыбайлас жемқорлықты қалай түсінесіз және оны болдырмаудың тәрбиелік жолдары жайлы не айтасыздар?

/оқырмандардың ой-пікірлері тыңдалады/

1 – жүргізуші: Көп жағдайда адамның өзіне, оның тәрбиесіне, ішкі түйсігіне, қоршаған ортасына байланысты. Егер адамда мен ондай қадамға бармаймын, өзімнің ұстаным бар десе, ондай төмен әрекеттерге бармайды. Бірақ мемлекет пара берушілерді де, пара алушыларды да қатаң жазалауы керек. Телевидениеден ұсталып жатқанын көріп жатамыз, кейін 1-2 ай болмай шығып жатқандығын көрсетіп жатады. Бұның барлығы жастардың санасына кедергісін тигізеді. Жастарға ол қылмыс ретінде емес, шаруасын шешудің оңай жолы ретінде көрінуі мүмкін. Сондықтан да сыбайлас жемқорлықпен күресті өзіңнен бастауың керек деп түсінемін, ал сыбайлас жемқорлықпен күресу - барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

2 – жүргізуші: «Атадан жақсы ұл туса, елінің қамын жейді, Атадан жаман ұл туса, елінің малын жейді» - дейді халық даналығы. Ендеше, еліміздің малын емес, қамын жейтін азаматтарымыз аман болсын! Баршаңызға рахмет!

Оқыңыз, ой түйіңіз:

Парақорлық – әділетсіз, жаман табыс жолдарының бірі. Бүкіл діндерде күнә болып есептеледі.

Хадис шәрифтен

Парақорлықтың кеңінен етек жаюы – қияметтің белгілерінен.

Хадис шәрифтен

«Байлық- дүние жинауда емес, нағыз байлық – қанағатта»

Халық даналығы

«Сауатсыздың дүниеге берілгені жаман, алайда, ғалым адамның дүниеге берілуі одан да жаман»

Халық даналығы

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ»

Төле би

«Адал еңбекпен мал іздемек — ол арлы адамның ісі»

Абай Құнанбайұлы

«Адамдар өздеріне байлық пен атақты қалайды; егер осы екеуіне адал жолмен қол жеткізе алмасаңыз, олардан аулақ жүргеніңіз дұрыс»

Конфуций

«Бәріне қанағат қыл да, адал еңбек қыл»

Шәкерім Құдайбердіұлы

«Әділ адам өз ісімен айналысқанда ғана әділ қоғам орнайды»

Сократ

«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз»

/дөңгелек үстел/

Бағдарламасы:

1. Кіріспе сөз. “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.
2. Оқырмандардың өз көзқарастарын, өз ойларын тыңдай білу.
3. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарауды және әділдікті дәріптеу.

1 - Кітапханашы: Сәлеметсіздер ме құрметті оқырмандар, қонақтар! Бүгінгі дөңгелек үстеліміз сыбайлас жемқорлық тақырыбына арналған. Сыбайлас жемқорлық жергілікті проблема болудан қалып, ұлт шегінен тысқары құбылысқа айналғаны, оның қоғамды және барлық елдердің экономикасын қамтып отырғаны белгілі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу деп түсініктеме берілген.

2 – кітапханашы: Сәлеметсіздер ме құрметті оқырмандар, қонақтар! «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» атты дөңгелек үстелімізді ашуға рұқсат етіңіздер!

/оқырмандарды екі топқа бөледі/

1 – кітапханашы: Олай болса 2 топқа тапсырма: оң қанатқа - «Сыбайлас жемқорлықты қоғамда жою мүмкін», сол қанатқа - «Жоқ, сыбайлас жемқорлықты қоғамда жою мүмкін емес» тақырыбына жақтайтын және даттайтын аргументтер беру тапсырылады.

2 – кітапханашы: Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

1 – кітапханашы: Сыбайлас жемқорлық - бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір

саяси тәртіп қорғалған емес. Сондықтан, бұл індетке бірлесе қарсы тұруымыз керек.

2 – кітапханашы: «Сыбайлас жемқорлық» деген не?

“Сыбайлас-жемқорлық” деген түсінік - “параға сатып алу”, “пара” ретінде, "corruptio" деген латын сөзін шыққан. Рим құқығында "corruptio" түсінік болған, ол “сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу” құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген.

Сыбайлас жемқорлықтың шығу тарихына тоқтала кетейік: жемқорлық б.з.б. IV-III-мыңжылдықтарда Алдыңғы Азияда Шумерліктерде, Б.з..б. III-II мыңжылдықтарда Мысыр, Өзен аралығы, Үндістан, Қытай, Иудей халықтарында пара алу түсінігі болған. Карфаген, Рим империясы, Византия, Осман империясы секілді өз заманы-ның құдіретті мемлекеттерінің ыдырап, жойылып кетуінің ең басты себептерінің бірі - осы сыбайлас жемқорлық.

1 – кітапханашы: Өкінішке орай, барлық әлем елдері сияқты «Сыбайлас жемқорлық» Қазақстан Республикасын да айналып өткен жоқ. Қылмыстың бұл түрінің біздің қоғамымыздың да барлық саласына тамыр жайып кеткені жасырын емес. Ең қауіптісі, ол білім беру, медицина сияқты ізгілікті діттеген салалардан бастап құқық қорғау органдарына дейін бой көрсетіп жүр.

2 – кітапханашы: Келесі сөзді топ мүшелеріне берейік.

(1 оң қанат- жақтаушылар аргументтерін келтіреді)

(2 сол қанат-даттаушылар аргументтерін келтіреді)

1 – кітапханашы: Енді арнайы бейнероликке назар аударайық!

(бейне ролик көрсетіледі)

Топтарға тапсырма: Осы бейне роликті көрген кезде қандай сезімде болдыңыздар?

Роликтегі адамдардың әрекеті дұрыс па немесе бұрыс па?

(2 топ бірден аргумент келтіреді)

2 – кітапханашы: Сыбайлас жемқорлықтың зардаптары:

- қоғамның бақытты болашағын тежейді;
- елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді;
- жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

1 – кітапханашы: Республикамызда сыбайлас жемқорлықты реттейтін бірқатар нормативтік құқықтық актілер қабылданған.

ҚР 37 мемлекет қабылдаған конвенцияға қосыла отырып, 1998 жылы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қабылдады.

Қазақстанда сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік – құқықтық актілерде қабылданды оларға «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдары жатады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін жазаның түрі мен мөлшері жасалған қылмыстық әрекеттің қауіптілік деңгейі мен келтірілген залалына байланысты болады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 15-тарауында Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқықтық бұзушылықтар үшін әртүрлі жазалар қарастырылған.

2 – кітапханашы: ҚР ҚК 361 бабына сәйкес Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдаланғаны үшін мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айрылып, 2000 АЕК айыппұл төлеу, 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айрылу немесе шектеу жазалары қолданылады. ҚР ҚК 366 бабына сәйкес Пара алғаны үшін мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойынан айрылып, параның 50 еселенген мөлшерінде айыппұл салынып, не 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айрылу жазалары қолданылады.

1 – кітапханашы: Келесі сөзді жақтаушы және даттаушы топтардың мүшелеріне берейік.

(1 оң қанат- жақтаушылар аргументтерін келтіреді)

(2 сол қанат-даттаушылар аргументтерін келтіреді)

Келесі тапсырма : жағдаят шешу

Азамат Б. Абай Мырзахметов атындағы университетінің 4 курс студенті. Оқу жылы аяқталуда, алда 8 пәннен мемлекеттік емтихан тапсыруы қажет. Оның ата-анасы оқу үлгерімінің нашар екенінен хабарсыз. Баласының жоғарғы оқу орнын аяқтап, диплом алып, болашақта үлкен маман иесі болатынына сенімді, үлкен үміт күтеді.

Ол емтиханнан 2 рет құлағаннан кейін, Университеттің бірнеше оқытушысының әр қайсысына 30 мың теңгеден пара береді.

2 – кітапханашы:

1. Азамат Б. әрекеті дұрыс па не бұрыс па?
2. Мұндай жағдайда оқытушылардың іс-әрекеті дұрыс па не бұрыс па?
3. Азамат Б. біреуге пара бергені үшін жауапқа таруға болады ма? Иә болады. Жоқ болмайды.

(Топтар талқыға салады)

1 – кітапханашы: ҚР ҚК 367 бабына сәйкес Пара бергені үшін мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойынан айрылып, параның 20 еселенген мөлшерінде айыппұл салынып, не 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айрылу жазалары қолданылады.

2 – кітапханашы: ҚР ҚК 368 бабына сәйкес Парақорлыққа делдал болғаны үшін мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойынан айрылып, параның 10 еселенген мөлшерінде айыппұл салынып, не 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айрылу жазалары қолданылады.

(Жиынды қортындылау)

2 – кітапханашы: Ел болып еңсемізді көтеріп, тәуелсіздігімізді алып, барша әлемге танылды, мемлекетіміздің тамыры тереңге тарап, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар қабылданды, ел экономиясы мен әлеуметтік жағдайымыз түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнымызды айқындадық. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әр түрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойдық. Ол жол – Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы.

Құрметті оқырмандар, қонақтар! Әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсатты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктерімізді пайдалануға тырысайық .

(Патриоттық ән орындалады)

Мекен жайымыз:

Н. Оңдасынов көшесі, 2
Аудандық орталық кітапхана
Сымтетік: 77-5-78

Электронды пошта: Otrar_kitap@mail.ru